

Білім беру ұйымының ішкі тәртіптемесінің Үлгі қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қызылорда облыстық әкімдігінің 2015 жылғы 17 наурыз № 879 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 14 сәуірде № 4954 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 2019 жылғы 4 қарашадағы № 94 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 04.11.2019 № 94 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына , "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған білім беру ұйымының ішкі тәртіптемесінің Үлгі қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Р. Кенжеханұлына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда
облысының әкімі

Қ. Көшербаев

Қызылорда облысы әкімдігінің
2015 жылғы "17" наурыздағы №
879 қаулысымен
бекітілген

Білім беру ұйымының ішкі тәртіптемесінің Үлгі қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы білім беру ұйымының ішкі тәртіптемесінің Үлгі қағидалары (бұдан әрі - Үлгі қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабына сәйкес әзірленді және білім беру ұйымының ішкі тәртібінің қағидасын әзірлеу және бекіту үшін негіз болып табылады.

2. Үлгі қағидалар білім беру ұйымының ішкі тәртіп қағидаларын әзірлеу және бекіту кезінде бірыңғай тәсілді қамтамасыз ету мақсатында әзірленген.

3. Білім беру ұйымының қызмет режимін ескере отырып (білім алушылар мен тәрбиеленушілердің тәулік бойы болуы, олардың белгілі бір уақытта ғана болуы,

оқу сабақтарының ауысымдылығы және білім беру ұйымының өзге де жұмыс ерекшелігіне қарай) білім беру ұйымының әкімшілігі білім беру ұйымының педагог және өзге де қызметкерлердің жұмыс және демалыс уақытының режимін белгілейді.

4. Ішкі тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында білім беру ұйымының әкімшілігі білім беру ұйымының қызметкерлерінің, сонымен қатар, білім беру ұйымының білім алушылар мен тәрбиеленушілердің білім беру саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасымен және білім беру ұйымының ішкі тәртіптемесінің Үлгі қағидалармен жүктелген міндеттерді сақтауын қамтамасыз етеді.

2. Білім беру ұйымының ішкі тәртіптемесі

5. Білім беру ұйымының ішкі тәртіптемесі қағидаларында:

1) білім беру ұйымының әкімшілігі және педагогтарының білім алушылармен және тәрбиеленушілермен өзара қарым-қатынасы;

2) оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың тәртібі;

3) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің білім алуы және өмірі мен денсаулығын сақтау, балалардың құқықтарын қорғау үшін жағдайлар;

4) білім беру ұйымдарының еңбекті қорғау мен қауіпсіздік техникасы жағдайлары;

5) білім беру ұйым қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін арттыруды ұйымдастыру;

6) білім беру ұйымы жұмысының басталу және аяқталу уақыты, олардың арасындағы үзілістер;

7) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу сабақтарының ұзақтығы қамтылуы тиіс.

6. Білім беру ұйымының әкімшілігі қызметкерлердің, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, сонымен қатар, олардың ата-аналарының немесе заңды өкілдерінің Білім беру ұйымының ішкі тәртіптемесінің қағидаларына қолжетімділігін және таныстыруды қамтамасыз етеді.